



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

2015 ж. «10» айда жүргізілді

БСН 990740000685

Бастапқы тіркелген күні

1999 ж. «13» шілде



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

2015 ж. «10» айда жүргізілді

№ 4241-1902-18

Бастапқы тіркелген күні

1999 ж. «13» шілде

"Альянс Банк" акционерлік қоғамы  
акционерлерінің кезектен тыс жалпы  
жиналысының шешімімен (2014 жылғы "30"  
желтоқсан № 02/14 хаттама)

**БЕКІТІЛДІ**

## "ForteBank" акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы

2014 жыл

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және "ForteBank" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) құқықтық мәртебесін белгілейді.

## 1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1 бап. Банк атауы

1. Банктің толық атауы:
  - 1) қазақ тілінде: "ForteBank" акционерлік қоғамы;
  - 2) орыс тілінде: Акционерное общество "ForteBank";
  - 3) ағылшын тілінде: "ForteBank" joint-stock company.
2. Банктің қысқаша атауы:
  - 1) қазақ тілінде: "ForteBank" АҚ;
  - 2) орыс тілінде: АО " ForteBank";
  - 3) ағылшын тілінде: "ForteBank" JSC.

### 2 бап. Банктің атқарушы органының орналасқан мекенжайы

Банктің атқарушы органының орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Фурманов көшесі, 50.

### 3 бап. Банктің қызмет ету мерзімі

Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

### 4 бап. Банктің құқықтық мәртебесі, қызметінің құқықтық негіздері және жауапкершілігі

1. Банк – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық түрінде құрылған коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

Банк меншік құқығында оның акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және ол мүлік арқылы өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді ала алады

және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауап беруші бола алады.

Банк дербес теңгерімге ие.

Банк мүлкі оның акциялары үшін төленген ақша, Банк кірісі және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де табыс көздерінің есебінен құралады.

2. Банктің ресми мәртебесі ("банк" ұғымы ретінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заңында белгіленді) оның банк ретінде әділет органдарында тіркелуі және онда банктік операцияларды жүргізуге уәкілетті органның (осы жерде және әрі қарай Жарғы мәтіні бойынша уәкілетті орган ұғымында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі түсініледі) лицензиясы болуы арқылы белгіленеді.
3. Банк өз қызметінде келесілерді басшылыққа алады:
  - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын;
  - 2) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды;
  - 3) осы Жарғыны;
  - 4) Банктің корпоративтік басқару кодексін және оған уәкілетті органдармен, лауазымды тұлғалармен және Банктің өзге қызметкерлерімен белгіленген тәртіпте бекітілген Банктің өзге де ішкі құжаттарын;
  - 5) уәкілетті органдардың және Банк тұлғаларының құзыреті шегінде белгіленген тәртіпте қабылданған олардың шешімдерін.
4. Банк өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты.

Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты емес.

Банк акционері Банк міндеттемелері бойынша жауапты емес және оған тиесілі Банк акцияларының құны шегінде Банк қызметіне байланысты шығын қаупін көтереді (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларын қоспағанда).

5. Банк заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде еншілес ұйымдарын, филиалдарын және өкілдіктерін ашуға құқылы.

**5 бап. Банк деректемелері және интернет ресурстағы корпоративті (ресми) электронды сайты**

1. Банктің өз атауы белгіленген мөрі, тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі), мөртаңбасы және оның даралануы (сәйкестендірілуі) және қызметі үшін қажетті өзге де деректемелері бар.
2. Банктің интернет ресурстағы корпоративті (ресми) электронды сайты Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Банк және оның қызметі туралы (соның ішінде Банктің корпоративті оқиғалары туралы) ақпаратты ашып көрсету үшін арналған.

Банктің интернет ресурстағы корпоративті (ресми) электронды сайтының адресі – [www.fortebank.com](http://www.fortebank.com) (бұдан әрі Жарғы мәтіні бойынша – Банк WEB-сайты).

## **2 бөлім. БАНК ҚЫЗМЕТІ**

**6 бап. Банк қызметінің мақсаттары**

1. Банк қызметінің негізгі мақсаты банктік және банктердің жүзеге асыруына рұқсат етілген өзге де операцияларды жүргізу арқылы табыс табу және құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметін жүзеге асыру болып табылады.
2. Банк қызметінің осы баптың 1-тармағында көрсетілгеннен басқа мақсаттарын Банк органдары өздерінің құзыреті шегінде белгілейді.

**7 бап. Банк қызметінің түрлері**

1. Банк қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:
  - 1) банктік қызмет;
  - 2) құнды қағаздар нарығында банктердің жүзеге асыруына рұқсат етілген кәсіби қызмет;

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында Банктің жүзеге асыруына тыйым салынбаған қызметтің өзге түрлері;
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтерді Банк оған сәйкес лицензиялар негізінде және сондай лицензияларға сәйкес жүзеге асырылады.

### **3 бөлім. БАНК АКЦИЯЛАРЫ. БАНКТІҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ (РЕЗЕРВТІК ҚОРЛАРЫ) ЖӘНЕ ҚОРЫ**

#### **8 бап. Банктің акциялары**

1. Банк қарапайым акцияларды, артықшылықты акцияларды, сонымен қатар Банктің қарапайым акцияларына ауыстырылатын артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Банктің жарияланған акцияларының түрлері және акция түрлері бойынша саны оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде (шешімдерінде) анықталады және Банктің акциялар шығару проспектісінде белгіленеді.
2. Банкке "алтын акция" шығаруға тыйым салынған.
3. Банк жарияланған және орналастырылған акциялар арасындағы айырмашылық шегінде оның акцияларына ауыстырылатын құнды қағаздар шығаруға құқылы.

Аталған құнды қағаздарды Банк акцияларына ауыстыру талаптары мен тәртібі оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (шешімдерімен) белгіленеді және ауыстырылатын құнды қағаздар проспектісінде көрсетіледі.

4. Банк орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің басқа түрдегі акциясына ауыстыруды жүзеге асыруға құқылы.

Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің басқа түрдегі акциясына ауыстыру талаптары, мерзімі және тәртібі акция шығару проспектісінде бекітіледі және Банк акционерлерінің жалпы жиналысының мұндай ауыстыру туралы шешімінде белгіленеді.

5. Банк акцияларына қатысты басқа мәселелер осы Жарғының өзге баптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

**9 бап.**

**Банк акциялары бойынша дивидендтер**

1. Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы акционерлердің тиісті жалпы жиналысында шешім қабылданған жағдайда ғана, Банктің қарапайым акциялары бойынша тоқсандық, жарты жылдық және (немесе) жылдық қорытындысы дивидендтерді төлеу жүргізілуі мүмкін.

Банктің қарапайым акциялары бойынша жылдық қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданады.

Банктің қарапайым акциялары бойынша тоқсандық және (немесе) жарты жылдық қорытындысы бойынша дивидендтерді төлеуі тиісті кезең үшін Банктің қаржылық есебіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акция үшін дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Оның өткен жылдары үшін бөлінбеген табысын бөлу кезінде Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеуі Банктің сол кезең үшін қаржылық есебіне аудит жүргізілгенде ғана жүзеге асырылады.

2. Банктің бір артықшылықты акциясы үшін кепілдікті дивиденд мөлшері 100 (жүз) теңгені құрайды.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтері қаржылық жыл аяқталған соң Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төленеді.

3. Банкке төлемді жүзеге асыру үшін керекті төлем деректемелері берілмеген жағдайда, сонымен қатар ондай төлемді жүзеге асыру үшін дұрыс емес немесе ескі төлем деректемелері берілген жағдайда, Банк өз акциялары бойынша уақытылы және тиісінше төленбеген дивидендтері үшін жауапкершілік көтермейді.

4. Банктің акциялары бойынша дивидендтерге қатысты өзге мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

10 бап.

**Банк қорларының (резервтік капиталының (резервтік қорларының)) түрлері және қолдану тәртібі**

1. Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында бекітілген тәртіпте және талаптарда банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында Банк резервтік капиталын (резервтік қорларын) қалыптастырады.

Банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар туындаған жағдайда Банк резервтік капиталын (резервтік қорларын) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында және Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде (шешімдерінде) бекітілген тәртіпте қолданады.

2. Банк органдары олардың билігіндегі қаражаттың сипаты мен шегіне сәйкес оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті Банк қорларын қалыптастыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Банктің қандай да бір қорының мақсаты, мөлшері, қалыптастыру және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қорды қалыптастыру туралы шешім қабылдаған Банк органымен белгіленеді.

**4 бөлім. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

11 бап.

**Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Банк акционерлері Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңында (әрі қарай Жарғы мәтіні бойынша – АҚ туралы заң) берілген барлық құқықтарды пайдаланады. Сонымен қатар, Банк акционерлері құқылы:

- 1) АҚ туралы заңында және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Банк қызметі туралы ақпаратты алуға, онымен қоса осы акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Банктің қаржылық есебімен танысуға;
- 4) бірыңғай тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан оның құнды қағаздарға меншік құқығын растайтын құжат көшірмесін алуға;
- 5) Банк директорлар кеңесіне сайлауға кандидатураны Банк акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынуға;
- 6) Банк органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 7) жеке немесе басқа акционерлермен бірге Банктің дауыс беру акцияларының бес және одан да артық пайызына ие болған жағдайда АҚ туралы заңында қарастырылған жағдайларды, Банкке оның лауазымды тұлғаларының Банкке келтірген шығындарды қайтаруын және Банкке оның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) оларды жасауға мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешім қабылдануының нәтижесінде алынған пайданы (табысты) қайтаруын талап етумен өз атынан сот органдарына жүгінуге;
- 8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұранысхатымен жүгінуге және сұранысхат Банкке түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 9) Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайлардан басқа кезде Банк акцияларын немесе АҚ туралы заңмен белгіленген тәртіпте Банк акцияларына ауыстырылатын Банктің құнды қағаздарын артықшылықпен сатып алуға. Бұл орайда Банк акционерлеріне құнды қағаздарды (қарапайым акцияларға ауыстырылатын, жарияланған акцияларды орналастыруын немесе басқа құнды қағаздарды, сонымен қатар Банктің бұрын сатып алған аталған құнды қағаздарын сатуын) артықшылықпен



сатып алу құқығын пайдалану ұсынысы осы Жарғының 19- бабында белгіленген тәртіпте жеткізіледі;

- 1) акционерлердің жалпы жиналысында АҚ туралы заңда қарастырылған тәртіпте Банк акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдауға қатысуға.
2. Банктің ірі акционері сондай-ақ құқылы:
    - 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Банк Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда жиналысты шақыру туралы талабымен сотқа жүгінуге;
    - 2) Банк Директорлар кеңесіне АҚ туралы заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосуды ұсынуға;
    - 3) Банк Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;
    - 4) аудиторлық компанияның Банкке аудит жүргізуін өз есебінен талап етуге.
  3. Қарапайым акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешу барысында дауыс беру, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу, сонымен қатар Банк таратылған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
  4. Акционерлер – артықшылықты акцияларды меншіктенушілер қарапайым акцияны меншіктенуші – акционерлері алдында осы Жарғыда белгіленген, алдын ала анықталған кепілденген мөлшердегі дивидендтерді алуда және АҚ туралы заңда белгіленген тәртіпте қоғам таратылған жағдайда мүлкінің бір бөлігін алуда артықшылықты құқыққа ие.
  5. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын береді және бұл құқық АҚ туралы заңда көрсетілген жағдайларда тоқтатылады.
  6. Банк акционерлері өзге құқықтарға ие және Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған міндеттемелерді орындайды.

**12 бап. Банктің корпоративтік басқару кодексі**

1. Банктің өз корпоративтік басқару кодексі болуы керек.
2. Банктің корпоративтік басқару кодексі (осы Жарғыға қосымша ретінде) Банкті басқару кезінде туындайтын қатынастарды, оның ішінде Банк акционерлері мен органдары арасында, Банк органдары арасында, Банктің лауазымды тұлғалары арасында, Банк пен басқа мүдделі тұлғалар арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

Банктің корпоративтік басқару кодексінің негізгі мақсаты (осы Жарғыға қосымша ретінде) Банк акционерлерінің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау механизмін орнату болып табылады.

3. Банктің корпоративтік басқару кодексінің Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына және осы Жарғыға қайшы келетін нормалары жарамсыз болып табылады.

**13 бап. Банктің корпоративтік хатшысы**

1. Банктің корпоративтік хатшысы болуы керек.
2. Банктің корпоративтік хатшысы қызметіне үміткерлерге қойылатын талаптары, негізгі тапсырмалары мен қызметі, оның құқықтары мен жауапкершілігі Банктің Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сүйене отырып бекіткен Корпоративтік хатшы туралы ережеде белгіленеді.

**5 бөлім. БАНКТІ БАСҚАРУ**

**14 бап. Банк органдары**

Банктің органдары болып табылатындар:

- 1) жоғарғы орган – Банк акционерлерінің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Банктің Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Банк Басқармасы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа органдар.

15 бап.

**Банк акционерлерінің жалпы жиналысы**

1. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
  - 1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
  - 2) Банктің корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;
  - 3) Банктің өз еркімен қайта құрылуы немесе таратылуы;
  - 4) Банктің жариялаған акциялары санын көбейту немесе Банктің орналастырмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 5) Банктің құнды қағаздарын ауыстыру талаптары мен тәртібін белгілеу, сонымен қатар оларды өзгерту;
  - 6) Банктің қарапайым акцияларына ауыстырылатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
  - 7) Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін басқа түрдегі акцияларға ауыстыру туралы шешім қабылдау, бұндай ауыстырудың талаптары мен тәртібін белгілеу, сонымен қатар ауыстыру талаптарына және тәртібіне өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізу;
  - 8) Банктің санақ комиссиясы құрамының санын және өкілдік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін таңдау және олардың өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 9) Банктің Директорлар кеңесі құрамының санын және өкілдік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін таңдау және олардың өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сыйақы мөлшерін және төлеу талаптарын, сонымен қатар Банк Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағаны үшін шығындардың орнын өтеуді белгілеу;
  - 10) Банкке тексеріс жүргізетін аудиторлық компанияны белгілеу;
  - 11) Банктің жылдық қаржылық есебін бекіту;
  - 12) Банктің есептік қаржылық жылының таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және

- Банктің бір қарапайым акциясы үшін дивиденді мөлшерін бекіту;
- 13) Банктің өткен жылдардағы бөлінбеген табысын бөлу туралы шешім қабылдау;
  - 14) Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденді төлемеу туралы шешім қабылдау;
  - 15) Банк акцияларын ерікті делистинг жасау туралы шешім қабылдау;
  - 16) Тұтас алғанда Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да артық пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банктің басқа заңды тұлғаларды құруы немесе қызметіне қатысуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
  - 17) Банктің өз акционерлерін Банк акционерлерінің жалпы жиналысына шақыру туралы хабарлау үлгісін (осы Жарғының 19 бабына сәйкес) белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
  - 18) Банк АҚ туралы заңға сәйкес ұйымдаспаған нарықта акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту, сонымен қатар оны өзгерту және (немесе) толықтыру;
  - 19) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту; және
  - 20) АҚ туралы заңымен және (немесе) осы Жарғымен шешімі тек қана Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне қалдырылған басқа мәселелер.
2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының осы баптың 1 тармағының 2)–4) және 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімі Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілік дауысы бойынша қабылданады.
- АҚ туралы заңында басқасы белгіленбесе, Банк акционерлерінің жалпы жиналысының мәселелер бойынша шешімі дауыс беруге қатысқан Банктің дауыс беруші

акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысы бойынша қабылданады.

3. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімін болдырмауға құқылы.
4. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына сәйкес шақырылады, дайындалады және өткізіледі; бұл орайда:
  - 1) Банк акционерлері осы Жарғының 19-бабында белгіленген тәртіпте Банк акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілуі туралы хабардар болады;
  - 2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде басқадай белгіленбеген болса, оның отырысына Банк акционерлерінен (Банк акционерлерінің өкілдерінен), Банк Басқармасының мүшелерінен, Банк қызметкерлерінен басқа Банк акционерлерінің жалпы жиналысын ұйымдастыруға және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша түсінік беретін басқа тұлғалар, уәкілетті орган өкілдері шақырусыз қатыса алады;
  - 3) Банк акционерлері Банк акционерлерінің жалпы жиналысындағы дауыс берудің қорытындысы туралы осы Жарғының 19-бабында белгіленген тәртіпте хабардар болады.

#### **16 бап. Банктің Директорлар кеңесі**

1. АҚ туралы заңында басқадай белгіленбеген болса, Банктің Директорлар кеңесінің (бұдан әрі осы бапта – Директорлар кеңесі) айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
  - 1) Банк қызметінің басым бағыттарын және даму стратегияларын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
  - 2) Банк акционерлерінің (жылдық және кезектен тыс) жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, оның күн тәртібін қалыптастыру, Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу үлгісін белгілеу (Банк акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын

өткізумен немесе сырттай дауыс беру арқылы), Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күнін, уақытын және орнын белгілеу, Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар Банк акционерлерінің тізімін құру күнін белгілеу, өткізілмей қалған жиналыстың орнына Банк акционерлерінің жалпы жиналысын қайтадан өткізу күні мен уақытын белгілеу;

- 3) акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің өзінің орналастырған акцияларын немесе Банктің басқа құнды қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу құны туралы шешімдерді қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына мынадай ұсынымдарды беру туралы шешімдерді қабылдау:  
Банкке аудит жүргізу мақсатында аудиторлық ұйымды белгілеу туралы;  
Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденді төлеу және Банктің бір қарапайым акциясы үшін есептелетін дивиденді мөлшері туралы;  
Банктің қарапайым акциялары бойынша дивиденді төлеу туралы;  
Банк акцияларын ерікті делистинг жасау туралы;
- 7) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 8) Банк облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару талаптарын белгілеу, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 9) Банк Басқармасы құрамының санын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Банк Басқармасының Төрағасын және мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

- 10) Банк Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметақысының мөлшерін және еңбек ақысы мен сыйлықақыны төлеу талаптарын белгілеу;
- 11) Банктің Ішкі аудиті қызметі құрамының санын және өкілеттігінің мерзімін белгілеу, Банктің Ішкі аудиті қызметінің басшысын және мүшелерін тағайындау және олардың өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің Ішкі аудиті қызметінің жұмыс тәртібін (соның ішінде Банктің Ішкі аудиті қызметі туралы ережені бекіту және осы ережеге өзгертулер мен толықтыруларды енгізу), Банктің Ішкі аудиті қызметі қызметкерлерінің еңбекақысының мөлшерін, сыйлықақы төлеу талаптарын белгілеу;
- 12) Банктің Корпоративтік хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің Корпоративтік хатшысының, ол болмаған кезде оны ауыстыруға құқығы бар тұлғалардың жұмыс тәртібін (соның ішінде Банктің Корпоративтік хатшысы туралы ережені бекіту және бұл ережеге өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізу), Банктің Корпоративтік хатшысының және оның орнын ауыстыратын тұлғалардың лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйлықақы беру талаптарын белгілеу;
- 13) Банктің қаржылық есебін тексерген қызметі үшін оның аудиторлық ұйымының, сонымен қатар Банк акцияларына төлем ретінде берілген немесе Банк жасайтын (жасаған) ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметі үшін төлем мөлшерін белгілеу;
- 14) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын ішкі құжаттардан басқа), соның ішінде аукциондарды өткізу және Банктің құнды қағаздарына қол қою талаптары мен тәртібін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарын бекіту;
- 15) Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту, сонымен қатар бұл ережелерге өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізу;

- 16) Банктің басқа заңды тұлғалардың он және одан көп акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) сатып алуы (меншіктен шығару) туралы шешім қабылдау;
- 17) он және одан көп акциясы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты қызмет мәселесі бойынша шешім қабылдау, онымен қоса Банк өкілінің жоғарыда аталған мәселелер бойынша дауыс беру тәртібі туралы шешім қабылдау;
- 18) Банк міндеттемесін оның жеке капиталы мөлшерінің он және одан артық пайызын құрайтын көлемге көбейту. Бұл орайда Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне Банктің бұндай міндеттемелерді қабылдауы және міндеттемелердің келесі талаптарын бекіту туралы мәселе жатады: міндеттеме тараптары; ақшалай міндеттеменің ең жоғары шекті мөлшері; міндеттеме шегінде төлеуге жататын сыйақы, тұрақсыздық айыппұлшының (өсімақының, айыппұлдың) ең жоғары шекті мөлшері; және міндеттеме мерзімі.

Директорлар кеңесі міндеттемелердің басқа талаптарын бекіту туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жарғының осы тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі бекіткен Банк міндеттемелерінің талаптарының өзгеруі және/немесе тоқтатылуы (оның орындауымен міндеттеменің толық немесе жартылай тоқтатылуынан басқа) Директорлар кеңесі бұндай өзгерту және/немесе тоқтату (оның орындауымен міндеттеменің толық немесе жартылай тоқтатылуынан басқа) туралы мәселені қарастырған айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша бұндай міндеттеменің мөлшері жеке капиталының мөлшерінің он және одан да артық пайызын құраған жағдайда ғана Директорлар кеңесімен шешім қабылдануын талап етеді. Барлық қалған жағдайларда (оның орындауымен міндеттеменің толық немесе жартылай тоқтатылуынан басқа) міндеттеменің өзгеруі және/немесе тоқтатылуы Басқарма немесе Басқарма жанындағы жұмыс органының немесе бұндай шешім қабылдауға өкілетті басқа тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады;



- 19) қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
  - 20) Банкпен ірі мәмілені және Банк мүдделі мәмілелерді, Банкпен ерекше қатынаста байланысты тұлғалармен мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
  - 21) Директорлар кеңесінің Төрағасын және ол болмаған кезде Директорлар кеңесінің Төрағасын ауыстыратын тұлғаларды таңдау;
  - 22) Директорлар кеңесінің жұмыс кестесін бекіту және бұл жұмыс кестесіне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;
  - 23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған, бұл орайда Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне және осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.
2. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны тәуелсіз директорларды қосқанда (олардың саны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі керек) үш адамнан аз болмауы тиіс.
  3. Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін ұсынылған жеке тұлға Қазақстан Республикасы банктік заңнамасының банктің басшылық қызметін атқаратын қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сәйкес келуі керек, сонымен қатар – Банк құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде – Қазақстан Республикасы құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасының уәкілетті орган лицензиясының негізінде қызметін жүзеге асырушы заңды тұлғаның басшылық қызметін атқаратын қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сәйкес келуі керек.
  4. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз рет қайта сайлана алады.
  5. Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады; бұл орайда:

- 1) Директорлар кеңесінің Төрағасы және ол болмаған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының орнын ауыстыруға құқығы бар тұлғалар Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамынан Директорлар кеңесі мүшелерінің ашық дауыс беруінің жалпы санының басым көпшілігімен сайланады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысы қажеттілік туындаған жағдайда, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес өткізіліп тұруы қажет;
- 3) Директорлар кеңесі отырысының күні, уақыты және өтетін орны, осы отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдары тіркелген осы аталған күн тәртібі көрсетілген Директорлар кеңесін шақыру және өткізу туралы жазбаша хабарламасы Директорлар кеңесінің мүшелеріне бұл отырыс өткізілгенге дейін үш күн бұрын кешіктірмей жіберілуі керек, Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің отырысына шақыру және өткізу туралы хабарлаудың басқадай мерзімі белгіленген жағдайларын қоспағанда және шұғыл қарастыруды қажет ететін жағдайлар туындаған кезде, Директорлар кеңесінің отырысына шақыру және өткізу туралы хабарлау, осы отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды беру мерзімі қысқартылып, үш жұмыс күнінен аз мерзімді құрауы мүмкін; бұл орайда шұғыл қарастыруды қажет ететін жағдайды белгілеуді Директорлар кеңесінің Төрағасы жеке өзі немесе Банк Басқармасы немесе Директорлар кеңесінің жалпы санының үштен бірін құрайтын Директорлар кеңесінің мүшелері анықтайды;
- 4) Директорлар кеңесі оның қарауына берілген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер Директорлар кеңесінің отырысында (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруінде) Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі (соның ішінде дауыс зорайтқышты бейне немесе телефон байланысы арқылы немесе осы тармақтың 9-тармақшасында белгіленген тәртіпте), немесе Директорлар кеңесі үш адамнан құралған жағдайда Директорлар кеңесінің екіден кем емес мүшесі қатысқан болса, бұған

Қазақстан Республикасының заңнамасында Директорлар кеңесі отырысының кворумына немесе оның мүшелерінің сырттай дауыс беруіне жоғары талаптар бекітілген жағдайын қоспағанда;

- 5) Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе ол болмаған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының орнын ауыстыруға құқы бар тұлға немесе бұл тұлғалар болмаған кезде осы мақсатта Директорлар кеңесі сайлаған Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі жүргізеді;
- 6) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кезінде оның шешімдері осы отырысқа қатысқан (оның ішінде дауыс зорайтқышты бейне немесе телефон байланысы арқылы немесе осы тармақтың 9-тармақшасында белгіленген тәртіпте) және бұл шешімдерді қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дауыс беру құқы бар Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруінің жалпы санының басымдылығы бойынша қабылданады; Дауыстар тең түскен жағдайда отырыс Төрағасының дауысы шешуші болып табылады, осыған байланысты отырыс Төрағасы жасырын дауыс беру бюллетеніне қол қоюға (Директорлар кеңесі оның мүшелерінің жасырын дауыс беруі арқылы шешім қабылдаған жағдайда) міндетті;
- 7) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кезінде оның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады, бұған Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, сонымен қатар отырыс Төрағасы немесе осы отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесінің екіден кем емес мүшесі жасырын дауыс беруді талап еткен жағдайларын қоспағанда;
- 8) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің орнын олардың өкілдері ауыстыра алмайды;
- 9) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелердің барлығы немесе кейбіреуі бойынша дауыс беруге қатыса алмайтын (соның ішінде дауыс зорайтқышты бейне немесе телефон байланысы арқылы) Директорлар кеңесінің мүшесі бұл мәселелер бойынша алдын ала дауыс беруіне құқылы; Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің алдын ала

берген дауысы осы отырысқа қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелерінің дауыстарын санау кезінде ескеріледі.

6. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы; бұл орайда:
  - 1) сырттай дауыс беру туралы хабарлама және мұндай дауыс беру бюллетені Директорлар кеңесінің мүшелеріне әдейілеп қолма-қол тапсырылады, көшірмелік байланыс құралдары арқылы немесе электронды поштамен жіберіледі; бұл орайда сырттай дауыс беру бюллетенінде Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарын есептеу кезінде қол қойылған сырттай дауыс беру бюллетендерін есепке алу мақсатында Банк бұл бюллетендерді қайтып алуы тиіс уақыты көрсетіледі;
  - 2) сырттай дауыс беру бюллетенінде көрсетілген уақытқа дейін осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі дауыс беру үлгісі бойынша қарсылығын білдіруге құқылы; мұндай жағдайда Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Банк Басқармасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті;
  - 3) Директорлар кеңесінің мүшелері қол қойған сырттай дауыс беру бюллетендері Банкке әдейілеп қолма-қол тапсырылады, көшірмелік байланыс құралдары арқылы, электронды поштамен немесе электронды сандық қолды қолданумен Банктің арнайы WEB-парақшасы арқылы жіберіледі;
  - 4) сырттай дауыс беру бюллетенінде тұжырымдалған шешім сырттай дауыс беру бюллетенінде көрсетілген Банк бюллетендерді қайтарып алуы тиіс мерзімге дейін бұл шешім үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі немесе Директорлар кеңесі үш адамнан құралған жағдайда Директорлар кеңесінің екі мүшесі дауыс берген болса, қабылданған болып есептеледі; дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады;
  - 5) сырттай дауыс беру бюллетенінде көрсетілген мерзім болған жағдайда осы тармақтың 1) тармақшасына

сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерінің сырттай дауыс беру хаттамасы жасалады, оған Директорлар кеңесінің Төрағасы (ол болмаған жағдайда – оның орнын ауыстыратын құқы бар тұлғалардың бірі), сонымен қатар Банктің Корпоративтік хатшысы (ол болмаған жағдайда – оның орнын ауыстыратын құқы бар тұлғалардың бірі) немесе (Банктің Корпоративтік хатшысы және ол болмаған кезде Банктің Корпоративтік хатшысының орнын ауыстыруға құқығы бар тұлғалар таңдап алынбаған немесе болмаған кезде) Банк Басқармасының Төрағасы немесе оны ауыстыратын Банк Басқармасының мүшесі қол қояды;

б) Банк Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беру қорытындысы туралы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде хабарлайды.

7. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, ол оның ерекше пікірін Директорлар кеңесі отырысының сәйкес хаттамасына (Директорлар кеңесінің мүшелерінің сырттай дауыс беру қорытындысы туралы хаттамаға) енгізуін талап етуге құқылы.

Директорлар кеңесінің мүшесі ерекше пікірін өзі жазбаша түрде мазмұндауына болады; мұндай жағдайда бұл құжат Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасына (Директорлар кеңесінің мүшелерінің сырттай дауыс беру қорытындысы туралы хаттамаға) міндетті қосымша болып табылады.

8. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарастыру және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Директорлар кеңесі мамандандырылған ақылдасушы-кеңесші органдарын – Директорлар кеңесінің комитеттерін құрады.

Директорлар кеңесі комитеттерінің құрылуы және жұмыс тәртібі, сонымен қатар олардың сандық құрамы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына жүгіне отырып, Директорлар кеңесі бекіткен Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережеде (ережелермен) белгіленеді.

9. Директорлар кеңесі өз қалауы бойынша кейбір мәселелерді зерделеу үшін өзінің тұрақты және уақытша комиссияларын (жұмыс топтарын) құруға құқылы.

Директорлар кеңесі комиссияларының (жұмыс топтарының) жұмыс тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

10. Директорлар кеңесі Банкте тиісті тәуекелдерді басқару және ішкі аудит жүйесінің құрылуы мен жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асырады.

11. Директорлар кеңесі Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің өткен қаржылық жылындағы жұмысы туралы есепті беруге міндетті.

## **17 бап. Банк Басқармасы**

1. Банктің ағымдағы қызметін басқаруды оның Басқармасы (бұдан әрі осы бапта - Басқарма) жүзеге асырады, оның құрамына Басқарма Төрағасы, оның орынбасарлары және Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банктің басқа да қызметкерлері кіреді.

Басқарма Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда Банк акционерлерінің жалпы жиналысының, Банктің Директорлар кеңесінің және Банктің лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша (Банктің ішкі құжаттарында оның құзыретіне қосылаған мәселелер бойынша) шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма Банк акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімін орындайды.

2. Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек.
3. Басқарма құрамына сайлауға ұсынылған жеке тұлға Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына сәйкес келуі керек, сонымен қатар – Банктің құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде - Қазақстан Республикасы "Құнды қағаздар нарығы туралы" заңындағы уәкілетті орган лицензиясының негізінде құнды қағаздар нарығында қызметін жүзеге асырушы заңды тұлғаның басшылық қызметін атқаратын қызметкерлеріне қойылатын талаптарына сай келуі керек.

4. Басқарма құрамына таңдалған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады.

5. Басқарма отырысы қажет болған жағдайда өткізіледі.

Басқарма отырысы Басқарма Төрағасының, оны ауыстыратын Басқарма мүшесінің немесе Басқарманың кез келген екі мүшесінің бастамасымен шақырылуы мүмкін.

Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы немесе оны ауыстыратын Басқарма мүшесі жүргізеді.

6. Басқарма сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

7. Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие.

Басқарма шешімдері Басқарма мүшелері дауыстарының жалпы санының басымдылығы бойынша қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Басқарма Төрағасының немесе оны ауыстыратын Басқарма мүшесінің дауысы шешуші болып табылады.

8. Басқарма шешімі жазбаша түрде хаттамада ресімделеді және отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің барлығы қол қояды және онда дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысы, Басқарманың әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіледі.

9. Басқарма Төрағасы болмаған немесе басқа себептер бойынша өз өкілдігін және міндеттерін атқара алмаған жағдайда, мұндай өкілдіктер мен міндеттерді атқару Басқарма Төрағасының бұйрығымен немесе Басқармамен бекітілген орнын ауыстыру схемасына сәйкес немесе Банк Директорлар кеңесінің (көрсетілген бұйрық болмаған жағдайда немесе мұндай өкілдіктер мен міндеттерді атқару аталған схемаға сәйкес жүктелуі тиіс Басқарма мүшесін анықтау мүмкін болмаған жағдайда) шешімімен жүктелген Басқарма мүшелерінің бірі ол міндеттерді атқарады.

Басқарманың кез келген басқа мүшесі болмаған жағдайда немесе басқа себептер бойынша өз міндеттерін атқара алмаған жағдайда, оларды Басқармада бекітілген орнын ауыстыру схемасына сәйкес Басқарманың басқа мүшесі атқарады.

Бұл орайда Банк Басқармасының мүшесі дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруіне рұқсат етілмейді.

10. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарастыру және Басқарманың қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Басқарма Банк қызметінің түрлі аспектілері бойынша Басқармаға бағынатын және есеп беретін мамандандырылған комитеттерді құрады.

Аталған комитеттердің құрылуы және жұмыс тәртібі, сонымен қатар олардың сандық құрамы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына жүгіне отырып, Басқарма бекіткен Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

#### **18 бап. Банк Төрағасы және Басқарма мүшелері**

1. Банк Басқармасының Төрағасы Банк Басқармасына ағымдағы басқаруды жүзеге асырады.
2. Банк Басқармасының Төрағасы:
  - 1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
  - 2) Банк атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз әрекет етеді;
  - 3) Банк атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста әрекет ету үшін сенімхаттар береді;
  - 4) АҚ туралы заңында белгіленген жағдайларын қоспағанда, Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және босатуды жүзеге асырады, оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіп жөніндегі жаза жүктейді, Банк қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақысының және Банктің штаттық кестесіне сай оларға жеке үстемақының мөлшерін белгілейді, Басқарма құрамына және Банктің ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне сыйлықақы мөлшерін белгілейді;



- 5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;
  - 6) Банк Басқармасы мүшелері арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілдік аясын және жауапкершілікті бөледі;
  - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк мүлкіне иелік етеді;
  - 8) Банктің ішкі құжаттарында оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайды;
  - 9) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының және Банк Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген басқа қызметтерді жүзеге асырады.
3. Банк Басқармасының мүшелері Банк Басқармасының Төрағасы бекіткен Банк Басқармасы мүшелері арасындағы міндеттерді, өкілдіктерді және жауапкершіліктерді бөлу схемасына сәйкес әрекет етеді.

## **6 бөлім. БАНКТИҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУЫ. БАНКТИҢ ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ**

### **19 бап. Банктің қызметі туралы ақпаратты Банк акционерлеріне беру**

1. Банк өзі және өзінің қызметі туралы (оның ішінде Банктің корпоративтік оқиғалары туралы) ақпаратты жариялау үшін қолданатын бұқаралық ақпарат құралы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңнамасына сәйкес Банктің WEB-сайты болып табылады.  
Банктің аталған бұқаралық ақпарат құралын қолдану тәртібі осы баптың 2-6 тармақтарында көрсетілген.
2. Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Банктің WEB-сайтында жарияланады.

Бұдан басқа, аталған жарияланымға қосымша ретінде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде банктің барлық акционерлеріне, егер Банк

акционерлерінің саны елуден аспаса, оларға Банктің сәйкестендірілген жеке жазбаша хабарламасын жіберу арқылы Банк акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлайды.

3. Банк акционерлерінің жалпы жиналысының отырысындағы дауыс берудің қорытындысы осы отырыс барысында тікелей хабарланады.

Банк акционерлері жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе Банк акционерлерінің сырттай дауыс беруінің нәтижелері Банк акционерлерінің назарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Банктің WEB-сайтында мұндай қорытындыларды жариялау арқылы жеткізіледі.

4. Банктің жылдық қаржылық есебі Банктің WEB-сайтында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа интернет-ресурстарда жарияланады.
5. Осы баптың 2-4 тармақтарында көрсетілгеннен басқадай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк акционерлеріне беруге жататын Банк ақпараттары Банк акционерлерінің назарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің WEB-сайтында, басқа интернет-ресурстарда мұндай ақпаратты жариялау арқылы, сонымен қатар Банк акционерлерінің жалпы жиналысын ұйымдастыру шегінде (Банк акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ретінде) жеткізіледі.
6. Осы баптың 2-5 тармақтарына сәйкес Банктің WEB-сайтында жарияланатын ақпарат жарияланған күннен бастап үш жылдан кем емес уақытқа дейін осы сайттың қараушыларына қол жетімді болуы керек.
7. Банктің құнды қағаздары қандай да бір қор биржасының тізіміне (ресми тізіміне) қосылған жағдайда, Банк бұл қор биржасының ережесіне сәйкес өзі және өзінің қызметі туралы ақпаратты қосымша жариялайды.
8. Банк сонымен қатар өзінің қызметі туралы ақпаратты Банк акционерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей қарастырылған басқаша тәртіпте ұсынады (мысалы, акционерлердің тиісті жүгінуіне белгіленген тәртіпте жазбаша жауапты беру арқылы).

9. Банктің мәміле жасауына мүдделі тұлғалар кез келген қол жетімді тәсілмен Банктің Директорлар кеңесінің назарына келесі ақпаратты жеткізуге міндетті:
- 1) үш жұмыс күні ішінде олардың мәміле жасаудың бір тарабы болып табылатындығы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;
  - 2) олармен үлестес заңды тұлғалар туралы, соның ішінде жеке немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлестікте оның дауыс беретін акцияларының он және одан да артық пайызына (үлесіне, пайына) ие заңды тұлғалар туралы және олардың органында қызметке ие заңды тұлғалар туралы;
  - 3) олар мүдделі тұлға ретінде танылуы мүмкін, жасалуы немесе ұсынылғаны өздеріне белгілі болған мәмілелер туралы.

## 20 бап. Акционерлердің жүгінулері

1. Банк өз акционерінің жүгінуі бойынша оған акционерлерінің мүдделеріне қатысты Банк қызметі туралы ақпаратты ұсынады және Банк оған акционер белгілеген қажетті жағдайда Банк қызметіне қатысты құжаттардың көшірмесін береді (АҚ туралы заңында мұндай ақпарат және мұндай құжаттар танылғанындай); бұл орайда:
- 1) бұл жүгінім жазбаша түрде ресімделіп, Банк Басқармасы орналасқан мекенжайға жіберілуі керек;
  - 2) Банк бұл жүгінімге қажетті ақпаратты (қажетті құжаттардың көшірмелерін) тіркей отырып, бұл жүгінімді алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жауап беруге міндетті, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілі бір құжаттардың көшірмесін берудің басқа мерзімі тікелей қарастырылмаған болса, мысалы акционерлік қоғам құжаттарына қатысты АҚ туралы заңының 80 бабында – тиісті талап ету келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде деген секілді (осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында және осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен);

- 3) бұл жүгінім Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты болған жағдайда, Банк мұндай ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында рұқсат етілген көлемде және тәртіпте ғана бере алады;
  - 4) Банк осы жүгініммен Банкке жүгінген Банк акционерінен оған құжаттардың көшірмесін бергені үшін құжаттардың көшірмесін жасауға кеткен шығын құнынан аспайтын төлемді және Банк акционеріне құжатты жеткізуге байланысты шығындар төлемін алуға құқылы.
2. Банк өз акционерінің жүгініміне сол жүгінімнің тілінде жауап береді.

**21 бап. Банк акционерлерінің және лауазымды тұлғаларының олардың үлестес тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі**

1. Банк өзінің үлестес тұлғаларының берген мәліметтері негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте олардың есебін жүргізеді.
2. АҚ туралы заңына сәйкес Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын тұлға, Банк акционерлері үлестестік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Банкке өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді беруге, ал өз үлестес тұлғаларының құрамы толықтырылған немесе қысқарған немесе өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер өзгерген күннен бастап келесі жеті күннің ішінде бұндай толықтырылу/қысқару/өзгерту туралы Банкке хабарлауға міндетті.

**7 бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**22 бап. Банктің құқықтық мәртебесін өзгерту және қызметін тоқтату**

1. Банкке оның құқықтық мәртебесін өзгертудің және қызметін тоқтатудың келесі түрлері қолданылады:

- 1) қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, өзгерту түрінде);
  - 2) консервация;
  - 3) тарату;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық мәртебесін өзгертудің және қызметін тоқтатудың басқа түрлері.
2. Банкті қайта құру немесе тарату оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.
  3. Банк консервациясы уәкілетті органның шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.
  4. Банктің мәжбүрлі қайта құрылуы немесе таратылуы сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.
  5. Банкті тарату кезінде несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан соң қалған мүлігін Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңнамасына сәйкес үлестіреді.

23 бап.

### **Осы Жарғыны қолданудың ерекшеліктері**

Реттеу тәртібі осы Жарғыда, Банктің корпоративтік басқару кодексінде және Банктің басқа ішкі құжаттарында, Банк органдарының және лауазымды тұлғаларының шешімдерінде белгіленбеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Басқарма Төрағасы

Т. Исатаев



**УТВЕРЖДЕН**  
решением внеочередного  
общего собрания акционеров  
Акционерного общества "Альянс Банк"  
(протокол от "30" декабря 2014 года № 02/14)

**УСТАВ**  
**Акционерного общества "ForteBank"**

---

г. Алматы  
2014 год

Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовой статус Акционерного общества "ForteBank" (далее – Банк).

## **Раздел 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

### **Статья 1. Наименования Банка**

1. Полное наименование Банка:

- 1) на казахском языке: **"ForteBank" акционерлік қоғамы;**
- 2) на русском языке: **Акционерное общество "ForteBank";**
- 3) на английском языке: **"ForteBank" joint-stock company.**

2. Сокращенное наименование Банка:

- 1) на казахском языке: **"ForteBank" АҚ;**
- 2) на русском языке: **АО "ForteBank";**
- 3) на английском языке: **"ForteBank" JSC.**

### **Статья 2. Место нахождения исполнительного органа Банка**

Место нахождения исполнительного органа Банка: Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, Медеуский район, улица Фурманова, 50.

### **Статья 3. Срок деятельности Банка**

Срок деятельности Банка не ограничивается.

### **Статья 4. Правовой статус, правовые основы деятельности и ответственность Банка**

1. Банк – юридическое лицо, являющееся коммерческой организацией и созданное в организационно-правовой форме акционерного общества в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Банк имеет на праве собственности имущество, обособленное от имущества его акционеров, и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Банк имеет самостоятельный баланс.

Имущество Банка формируется за счет денег, внесенных в оплату его акций, доходов Банка и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

